



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

рөлдерді бөлісуді өзгертуін қалайтынын талап етіп, сонымен қоса ішкі күйзелістерімен, реніштерімен, оның ойынша орын алған отбасы өміріндегі әділетсіздіктерді өзінің сыңарына айтып бөлісе алады. Ал егер некеге деген қанағаттанбаушылықты толығымен саналы тұрғыда түсіне алмаса, яғни «жалынсыз» қанағаттанбау (Э.Г.Эйдемиллер, В.Ю.Остицикис, 1999) орын алса, онда наразылық шағым ретінде, қорқыныш сезімін бастан кешіру, сенімсіздік, фрустрация сезімдері көрініс табады.

Қалыптасқан отбасылық модель жұбайларды толық қанағаттандырған жағдайда, олар отбасылық өмірде ешнәрсені өзгерткілері келмейді, бұл некеге деген субъективті қанағаттанушылықты білдіреді, ал егер жұбайлар отбасылық жағдайға белгілі-бір өзгертулер енгізгісі келсе, қанағаттанушылық жартылай деңгейде болғаны. Некеге деген субъективті қанағаттанушылыққа әсер ететін факторларға отбасының өмірлік кезеңі, жұбайлардың жыныс және балалардың бар болуы жатады [5].

Отбасылық мәселелерді шешуде жұбайлардың ұстанатын мінез-құлық стратегиялары некеге қанағаттанушылық деңгейін анықтауда маңызды рөл атқарады. Мәселені конструктивті шешуге бағытталған позитивті келісім мен пен келіссөздер некеге деген субъективті қанағаттанушылық деңгейін арттыра түседі, ал сол орайда конфронтация, кету, қашу, өз дегенін істету, конфликт, бағыну және іріктемелі түрде мән бермеу секілді жүріс-тұрыстар сияқты мінез-құлықтың өзге формалары некеге деген қанағаттанушылық деңгейінің төмендеуіне әкеп соғады.

«Көлденең кесу» мен лонгитюд әдістерін үйлестіре отырып, С.Воисбап өз зерттеуінде 500-ден астам жұбайлар жұбын зерттеген. Алынған нәтиже бойынша отбасылық мәселер туындаған кезде мінез-құлық стратегияларында гендерлік өзгешеліктер бар екендігі көрсетіледі. Біріншіден, әдетте әйелдер енжар стратегияларды қолданады деген түсінік қалыптасқанымен, шын мәнінде терістеу мен мәселеден қашу стратегияларын ер адамдар көбірек қолданады, осы орайда ерлі-зайыптылар мәселеге бағытталған стратегияларды теңдей қолданады. Мысалы, ер адамдардың теріске шығару стратегиясын ұстану некеге қанағаттанушылық деңгейіне жағымсыз әсер етсе, әйел адамдар ұстанған бұл стратегия некеге қанағаттанушылық деңгейіне әсер етпейді [4].

Алайда, осы мәселеге байланысты Гр.Спинер, Р.Левис, Ч.Кол жүргізген зерттеулерде әр түрлі зерттелінушілер таңдалған (АҚШ-тың үш штаты). Одан алынған зерттеудің нәтижелері әр түрлі болған: олардың біреуінен алынған нәтиже бойынша U-тәріздес тәуелділік бар, ал басқа зерттеу некеге қанағаттанушылықтың әртүрлі құлдырауын растайды, ал үшінші зерттеу қорытындысы бірегей интерпретация жасауға негіз бола алмайды [3].

Қолданылған әдебиет

1. Дружинин В. Психология семьи. - М.: КСП, 1996.
2. Зацепин В.И. Брак и семья// Психология семьи. Хрестоматия/ Под ред. Д.Я. Райгородского. – М, 2002-351с.
3. Карабанова О.А. Психология семейных отношений. - М. - Самара, 2001-451с.
4. Джемс М. Корни брака // Психология семьи. Хрестоматия / Под ред. Д.Я.Райгородского. - М, 2002.- 450 с.
5. Эйдемиллер Э.Г., Юстицкис В. Психология и психотерапии семьи. - СПб.,1999.-243с.

ӨОЖ 331.102:349.3-056.266

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ АДАМДАРДЫ ЕҢБЕКПЕН ҚАМТУ

Бадамбекова Жарқынай Ераханқызы

badambekova.zh@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті Әлеуметтік жұмыс
мамандығының 3 курс студенті
Ғылыми жетекшісі - Г.Исахова

Мүмкіндігі шектеулі азаматтар қоғам өмірінің барлық аспектілеріне қатысуға бірдей құқығы бар. Бірдей құқықтар табиғи, психологиялық, сенсорлық, мәдениеттік, заңдылық және басқа да тосқауылдарға байланысты шектелген мүмкіндіктерді түзететін әлеуметтік қызметтің жүйесімен қамтамасыз етілуі керек. Осы тосқауылдар қоғамның басқа да мүшелері сияқты негіздермен мүгедектің қоғамға интеграциялануына мүмкіндік бермейді. Мүгедектік – бұл тек қана медициналық мәселе емес, бәрінен бұрын ол – бірдей емес мүмкіндіктер қорытылған әлеуметтік мәселе.

Қоғам олардың тәуелсіз өмір сүру үшін, қоғам өмірінің ажырамас бөлігі болуға адамның табиғи құқына ие болуға және тұрғын және қоғамдық ғимараттарға, көлікке, коммуникация құралдарына, еңбекке және білім беруге қол жеткізу еркіндігі мен таңдау еркіндігі бар стандарттарды өте мұқтажды мүгедектігі бар адамдарға икемдеуге міндетті.

Мүгедектердің құқықтарына арналған халықаралық құжаттардың тарихы Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Ақыл-есі кем адамдардың құқықтары туралы декларацияны қабылдаған (БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 1971 жылғы 20 желтоқсандағы 2856 (XXVI) Қарарымен бекітілген) 1971 жылдан басталады. Мүгедектердің қанағаттарлық өмірге құқықтарын, сондай-ақ барлық азаматтық және саяси құқықтарын таныған жалпы сипаттағы халықаралық-құқықтық құжат БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 1975 жылғы 9 желтоқсандағы 3447 (XXX) Қарарымен бекітілген Мүгедектердің құқықтары туралы декларация болды.[1]

Өркениетті мемлекеттер мүмкіндігі шектеулі жандарды кеудесінен итермейді, қайта оларға барынша жағдай жасайды. Тірлік істеуге шамасы келетіндерін қатарға тартып, жұмыс тауып береді. Неше түрлі жәрдем көрсетеді. Қазақстан да тәуелсіздігін жарияласымен қолдауға зәру азаматтарын қамқорлыққа алып, көмегін көрсетіп келеді. Тіпті, тәуелсіздіктің елең-алаңындағы нарықтық қатынастың өтпелі кезеңіндегі ауыр жылдарда да оларды жәрдемақыдан қаққан жоқ. Мүмкіндігі шектеулі жандарға да, туғаннан мүгедек болып қалғандарға да Заң талаптарына орай қамқорлығын жасауда. Мемлекет басшысының «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында: «...Мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде аз емес ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуге тиіс бұл өзіміздің және қоғам алдындағы біздің парызымыз. Бүкіл әлем осымен айналысады. Мүмкіндігі шектеулі адамдар тұрмыстық қызмет көрсету, тағам өнеркәсібі, ауылшаруашылығы кәсіпорындарында жұмыс істей алады.

Қазіргі таңда Қазақстанда ресми деректерге сүйенсек, 506,4 мың мүмкіндігі шектеулі жандар тұрады екен. Бұл жалпы халықтың 3%-ын құрап отыр. Соның үштен бірі еңбекке жарамды азаматтар мен азаматшалар болса, 17,5%-ы балалар. Ал 20 мыңнан астамы – жанарынан, 19 мыңға жуығы – есту қабілетінен айырылған жандар екен. Оларға әлеуметтік көмек көрсетіп, еңбекке баулу елімізде жүргізіліп отырған әлеуметтік саясаттың басты бағыты. Жалпы мүмкіндігі шектеулі жандардың құқығын қорғау еліміздің Конституциясынан бастау алады: 1-бап 1. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. 28-бап. 1. Қазақстан Республикасының азаматы жасына келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде оған ең төменгі жалақы мен зейнетақының мөлшерінде әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік беріледі. 2. Ерікті әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік қамсыздандырудың қосымша нысандарын жасау және қайырымдылық көтермеленіп отырады. Сонымен қатар, «ҚР мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңымен және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі [2].

Мүгедектерді жұмыспен қамту және жұмысқа орналастыру мәселесі қазіргі уақытта өзекті мәселе болып отыр. Мүгедектер өздерінің мүмкіншіліктерінің шектеулігіне байланысты жұмыс іздестіруде белгілі бір қиыншылықтарды бастарынан өткереді, сондықтан мемлекет тарапынан мүгедектерді кәсіби оңалдыруда қолдау және көмек

көрсетіледі.

Жергілікті атқарушы органдар мүгедектерді жұмыспен қамтуды мына жолдармен қамтамасыз етеді:

1) жұмысшылардың жалпы санының үш пайызы көлемінде мүгедектерге арналған жұмыс орны квотасын белгілеу.

2) шағын, орта бизнес, жеке кәсіпкерлікті дамыту арқылы мүгедектерге қосымша жұмыс орындарын құру.

3) Қазақстан Республикасының заңына сәйкес мүгедектерге арналған әлеуметтік жұмыс орындарын құру.

4) мүгедектерді кәсіптік оқытуды ұйымдастыру.

Әрбір адам мүгедектік топтарынан тәуелсіз еңбекке құқығы бар. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, денсаулық жағдайы еңбек міндеттерін орындауға кедергі келтіретін не оның денсаулығына және басқа адамдар еңбегінің қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларды қоспағанда, мүгедектік себептері бойынша еңбек шартын жасаудан бас тартуға, мүгедекті басқа жұмысқа ауыстыруға, еңбек жағдайларын өзгертуге тыйым салынады. Өз кезегінде, мемлекеттік инспекторлар кәсіпкерлік субъектілеріне тексеру жүргізу барысында, кәсіпорын басшыларының ҚР Еңбек кодексі бойынша, мүгедектерді жұмысқа орналастыру ерекшелігінің орындалуына баса назар аударуына көңіл бөледі. Оған мысал «Жұмыспен қамту -2020жол картасы» бағдарламасы бойынша еліміздің барлық өңірлерінде мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған еңбек жәрмеңкелері өтті. Мысалы Алматы қаласында өткізілген алғаш рет ұйымдастырылған мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған жәрмеңкеге 30-дан астам кәсіпорындар мен өндіріс орындары атсалысып, мүмкіндігі шектеулі жандар үшін 100-ден аса бос жұмыс орындарын ұсынды. Ұсынылған бос жұмыс орындарының қатарында тігінші, шаштараз, оператор, программист, етікші, заңгер, бақылаушы сияқты қызмет түрлері бар. 2014 жылдың басынан бері 158 мүмкіндігі шектеулі азамат әлеуметтік жұмыс орындарына жіберілсе, 41 адам қоғамдық жұмысқа орналастырылған. Ал 121 адам арнайы курстарда білім алып, 32 адам кәсібі бойынша жұмысқа орналастырылған. Ал, Астана қаласы бойынша жыл басынан бері жұмыспен қамту орталығына мүмкіндігі шектеулі 246 азамат өтінішпен келген. Бүгінде 122 адам ақысы төленетін қоғамдық жұмысқа араласса, 38 тұрақты жұмысқа орналасқан. Ал, 26-сы әлеуметтік жұмыс орындары мен жастардың тәжірибе жинақтау орталықтарына, қалған 23 кәсіби білімін жетілдіруге жіберілген. Аталған санаттағы азаматтар үшін бос орындар жәрмеңкесі ұйымдастырылады. Бұл мәселеде «ДОС» Тәуелсіз өмір орталығы» мүгедектердің қоғамдық бірлестігінің жобасы да өз көмегін көрсетеді. Оның аясында мүмкіндігі шектеулі 30 жан ағаш, балшық, былғары, тас, бисер және киізден кәдесыйлар жасау курсынан өтіп жатыр. Курс аяқталған соң сертификат алған жастар жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие болады [3].

Жалпы саралап қарасақ елімізде мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қолайлы орта қалыптасып келеді. Оларды жан-жақты дамытып, құқықтарын қорғап, қолдап отырған мемлекеттік ұйымдар арнайы жандар аясында жұмыс жасап отыр.

Қолданылған әдебиет

1. Кузнецова В.А. О практике и перспективах социальной помощи престарелым и инвалидам//Социальная работа. – 1992. – Вып. 1.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, «Юрист» 2007.
3. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі. ИС ПАРАГРАФ, 27.07.2012
4. Технология социальной реабилитации инвалидов: Метод. рекомендации. – М., 2000

УДК 316.344.233

КЕДЕЙШІЛІК МӘСЕЛЕСІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТІСІ